

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 36
бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28
шілдедегі № 813 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан
Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Инвестиция комитетінің «Б» корпусындағы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының
санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 36 бұйрығының (Қазақстан
Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №
9218 тіркелген, 2014 жылғы 18 наурызда «Қазақстан Республикасы нормативтік
құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде» 2014 жылғы 4
қыркүйектегі № 172 (27793) «Казахстанская правда». 2014 жылғы 4 қыркүйектегі №
172 (28395) «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Инвестициялар комитеті (Е.Қ. Хаиров) Қазақстан Республикасының заңнамасында
б е л г і л е н г е н т ә р т і п т е :

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне
ж і б е р у д і ;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму
министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы *А. Рау*

" К Е Л І С І Л Д І "
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік қызмет істері

*және сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің Төрағасы*

_____ *Қ. Қожамжаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК